

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Кафедра: Психиатрия, психотерапия және наркология

Олигофрения

Тексерген: Ибраева А.М.

Орындаған: Әбдімаулен Н.Ж

Тобы: ЖМ11-007-2к

Жоспары.

- 1Негізгі белгілері
- 2Олигофрения түрлері
- 3Ішкі сілтемелер
- 4Дереккөздер

Олигофрения

- (грек. oligos – аз және phren – ақыл) клиникасында салыстырмалы түрде тұрақты интеллектуальды дамудың артта қалуымен көрінетін, әлеуметтік-еңбектік адаптацияның үлкен қиыншылықтарына алып келетін мидың экзогендік зақымдануы, метоболиз бұзылыстары, туа пайда болған кемістіктер, және де хромосомдық аномалияларға байланысты патологиялық жағдайлар.

«Олигофрен» терминін алғашрет Э. Крепелин енгізген

- Олигофренопедагогиканың қарқынды дамуына өз үлесін қосқан ғалым Граборов А.Н. (1885-1949)



Этиологиясы

- Бірінші топ – табиғаты эндогенді олигофрениялар (ата-аналарының генеративті жасушалардың толымздығымен байланысты), тұқым қуалаушылыққа байланысты (Даун ауруы, олигофренияның энзимопатиялық түрі, нағыз микроцефалия және т.б.)

- Екенші тор – ұрыққа, құрсақтағы балаға әртүрлі зияндылықтардың әсерінен пайда болған олигофрения (вирусты аурулар және интоксикациялар, сонымен қатар анасының алкогольізімі, токсоплазмоз), эмбриогенездің ерте сатысында пайда болатын бас миы дамуындағы кемтарлықтармен және т.б.байланысты олигофрения

- Үшінші топ – аффексиямен және босану кезіндегі жарақаттармен, ерте бас-ми жарақаттармен және нейроинфекциялармен байланысты олигофрения. Фенилкетурияға көп көңіл бөлуде

Олигофрения – врожденные или рано (до 3 – х летнего возраста) приобретённые состояния психологического недоразвития с преимущественным поражением интеллекта.

Классификация

По выраженности (тяжести) проявлений

Дебильность	Имбецильность		Идиотия
Лёгкая умственная отсталость	Умеренная умственная отсталость	Тяжелая умственная отсталость	Глубокая умственная отсталость

По этиологии

Наследственно обусловленные	Эмбриопатии	Обусловленные патологией пери – и постнатального периода
Истинная микроцефалия	Обусловленные вирусными инфекциями	Резус – конфликт
Хромосомные нарушения	Обусловленные воздействием экзогенных токсических факторов	Асфиксия плода Родовые травмы ЧМТ Интоксикации раннего детского возраста

Психикалық бұзылыстар

- Олигофренияның ең негізгі белгісі адамның танымдық әрекетінің, атап айтқанда, ойлау және сол ойды қорыту қабілетінің нашар дамуымен сипатталады. Сондай-ақ олигофрения кезінде адамның есі, назар аударуы, сөйлеуі, т.б. психика әрекеттерінде тежелу байқалады. Науқастарда аналитикалық әсіресе синтездік ойлау қызметі болмайды. Жеңіл түрінде аса шектелген аналитикалық ойлау қабілеті болады. Науқастардың көпшілігінде сезім органдарында, қимыл-қозғалысында, тіпті жекелеген мүшелерінде де ауытқулар (бойының өспеуі, дене бітімінің диспропорциясы, т.б.) болады

- Интеллек жеткіліксіздігі.
- Дамуы жағынан арта қалады
- Тілі кеш шығады неме мүлдем шықпайды
- 3-5 жасында жүреді немесе қозғалысты игермиді
- Микасы бір текті
- Сыртқы әлпеттері өзіне тән
- Төмен дәрежелі эмоциялар басым
- Мақсатты әрекеттерді орындауда қабілетсіз
- Олигофрения кезіндегі психикалық бұзылыстар өте тұрақты және өмір бойы сақталады

- Психикалық даму артта қалуының үш дәрежесін ажыратады.
- Идиотия
- Имбецильдік
- Дибилдік

Идиотия

- Идиотия (мәңгүрт, нақұрыс) – (латын тілінен „idiotea” – тұрпайылық) – олигофренияның ең ауыр дәрежесі, оның да ауыр және жеңілдеу түрлері болады. Интеллектуалды коэффициенті (IQ) 20-дан төмен. Идиотия дәрежесіндегі ересектердің психикалық дамуы 3 жасқа жетпеген баланың деңгейінде қалады, олар қорғансыз, көрсетілген көмекті қабылдай алмайды және үнемі бақылау мен күтімді қажет етеді. Идиотия дәрежесіндегі кемақылдар қоршаған ортаға, айналасына көңіл аудармайды, олар ыстықты суықтан, жейтінді жемейтіннен ажырата алмайды. Олар бәрін ауызға апарады және қандай болмасын қолына түскен затты шайнай бастайды. Идиотия дәрежесіндегі балалар жоғары, биік немесе аласа, төмен туралы түсініктері, қауіпті сезінбейді, сондықтан әр уақытта жарақаттанып жүреді.

- Идиотияның ауыр түрінде сөйлеу қызметі қалыптаспайды, буынға бөлінген дыбыстармен шектеледі. Аурулар өздерін күте алмайды, өз әрекетінше киіне алмайды, кесе, қасық, шанышқыны пайдалануды білмейді, кейбіреулері шайнай да алмайды, сондықтан оларды сұйық тамақпен тамақтандыру керек болады. Кейбіреулері салақ, сұрануды және дәретхананы пайдалануды білмейді, бірақ осы жағдайсыздыққа қарамастан суланған және ластанған киімдерінде ұзақ уақыт қала береді. Білім алуға талпынысы мүлдем жоқ, оларға ең қарапайым ақыл-ой операциялары да түсініксіз. Есте сақтауы дамымаған және өте әлсіз. Кейбіреулері өз туғандарын, шешесін де танымайды. Олардың сезінуі қарапайым және қанағаттануын немесе қанағаттанбауын ашумен, айқайлармен және қозғалу – қимылмен білдіреді. Бұған қоса, оларда ақауды, жарақаттануды ауырсыну сезімі төмен, сондықтан олар ешқандай ауруға мән бермейді. Психиканың күрделі зақымдануы физикалық дамукемістіктерімен әруақытта қосарлана білінеді. Идиотия дәрежесіндегі балаларды үйде бағып-қағу өте қиын және оларды негізінен психохрониктерге арналған арнайы емдеу мекемелеріне орналастырады



Имбецилдік

- Имбецил (милау) (латын тілінен “imbecillus” – әлсіз, елеусіз) – бұл психикалық дамудың орташа зақымдануы. Ересек имбецилдің психикалық дамуы салыстырып қарағанда 3-7-жастағы қалыпты дамыған баланың деңгейіне сәйкес. Интеллектуалды коэффициенті (IQ) 20-50, ауыр имбецилдік кезінде 20-35, ал жеңіл кезінде 35-50. Имбецилдердің барлық психикалық процестері баяу, селқос. Имбецилдер жұмысқа жарамсыз, тек өздеріне қарапайым қызмет етеді, білім алуға қабілетсіз, бірақ жай сөздерді түсінеді, ал өздерінің сөздік қорлары аз, сөйлеу әрекеті нашар дамыған.

- Имбецилдердің сөздік қоры небары 200-300 қарапайым сөздерден құралған. Логикалық ойлау, тұжырымдау және абстракты түсінік – оларға тән емес. Ойлауы өте төмен деңгейде, нақтылық жоқ және тиянақсыз. Кейбір имбециалдерде жақсы механикалық есте сақтау қалыптасуы мүмкін, бірақ олар санау, оқу, оқығанының мағынасын түсінуге және жазуға бейім емес. Имбецилдердің ортаға бейімделуі үйреншікті, жақсы таныс жағдайда ғана болуы мүмкін. Олар ең оңай жұмыс әдістері – үй жинау, кір жуу, ыдыс жуу немесе ең қарапайым өндірістік процестерді еліктеу әрекеті арқасында ғана үйренуге қабілетті. Олар ынтасыз, бір әрекеттен екіншіге әзер ауысады, сондықтан еркін әрекеттенуге қабылетсіз, олардың эмоцио-налды реакциялары өте әлсіз және бірыңғай Имбецил дәрежесіндегі кемақыл балалар үздіксіз қамқорлықпен арнайы бақылауды қажет етеді. Олар еркін өмір сүруге бейімделмеген. Жағдайдың аз-кем өзгеруі имбецилді тығырыққа тіреп, олар таныс емес жағдайда сасқалақтап, мүшкіл және өте жәрдемсіз болып қалады



Дебилдік

- Дебилдік дәреже (миақы, қауқарсыздық) – (латын тілінен “debilis”-әлсіз, қуатсыз) олигофренияның жеңіл дәрежесі. Дебилдердің интеллектуалдық коэффициенті (IQ) 50-70-ті құрайды. Ересек дебилдердің психологиялық дамуы 8-12 жастағы баланың дамуына сәйкес келеді. Дебилдердің интеллектуалды дамуының зақымдалу деңгейіне байланысты: орташа, жеңіл және ауыр түрлері анықталған. Мешеулік ерте балалық шақтан біліне бастайды. Бұл балалар бастарын ұстауды, отыру, жүру және сөйлеуді өте кеш бастайды. Балалық шақта сөз қоры жетілмеген, қысқа болады. Бірақ, жылдар өте, егер дебилдік жеңіл түрінде болса және асқынбаса, көп нәрсеге үйренеді және психикалық жетіспеушіліктері азая

- Дебил балалардың танымдық әрекетінің бұзылуы қиын түсініктерді талдап, қорытуға қабілетсіз екендігін көрсетеді. Олар маңызды, басты істі жалпыдан айыра алмайды; абстракты ойлауы нашар дамыған немесе мүлдем жоқ; нақты-жазылу, көрнекі құралдар арқылы ғана қабылданатын нәтижесіз ойлау басым болады. Бірақ кейбір балалар интеллектісінің жетіспеушілігіне қарамастан, көп нәрсені аңдамай (механикалық түрде) жаттап алумен, еліктеушілікпен кемістіктерін аз да болса толықтырып, жеңілдетеді. Бірақ оларда инициатива, өз бетінше шешім қабылдау байқалмайды, барлық психикалық үдерістерде селсоқтық, енжарлық, мән бермеушілік байқалады. Дебилдер өз беттерінше өмір сүруге бейім, бірақ көбіне басшылық пен қолдауды қажет етеді, тек айтқанды ғана істейді. Олар өз-өздеріне қарапайым қызмет көрсете алады, интеллектуалды іскерлікті қажет етпейтін жерде белгілі, қарапайым мамандандықты игеруге де қабілеттері жетеді және осы істерімен белгілі мөлшерде интеллектісінің жетіспеушілігін бүркемелейді. Оларда жанұя, бала да болады. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, ол балалар тұқым қуалайтын кемақылдылыққа ұшыраған бала болуы да



www.SozvezdieSerdec.ru

golos-porechan.ucoz.ru

Олигофрения формалары

- 1. Табиғаты эндогенді олигофрениялар
 - Даун синдромы
 - Нағыз микроцефалия
 - Фенилпирожүзімдік олигофрения
- 2. Құрсақтық генездік олигофрения
 - Эмбриопатиялар
 - Фенопатиялар
- 3. Постнатальды зияндылықтар нәтижесінде дамыған олигофрениялар

- Емі
- педагогикалық
- индивидуальды
- кешенді
- мединалық

Медициналық

- 1.Витаминотерапия: гаммалон, глутамин қышқылы, церебролизин
- Гепертензионды синдром кезінде – дегидратациялық терапия
- Психотикалық декомпенция орын алғанда индивидуальды дозаларда нейролептиктер тағайындылады: седуксен, аминазин, френолон, трифтазин, галоперидол, финлепсин.

Дереккөздер

- ресурс: <http://www.izden.kz/referattar/psihologiya/683> Ғылыми жұмыстар жинағы. © izden.kz
- <http://kazmedic.kz/archives/2688> Материал көшіргенде, KazMedic.kz сайтына сілтеме міндетті
-